



**«Eurasia Legal Group» заң консультанттары
палатасының
Тәртіптік комиссияның
ШЕШІМІ**

Шымкент қ.

2026 жылғы «17» сәуір

«Eurasia Legal Group» заң консультанттары палатасының Тәртіптік комиссиясы келесі құрамда: Жолдасбеков Берик Мухтарович – Басқарма Төрағасы.
Москаленко Роман Игоревич – Басқарма мүшесі.
Әбдумәлік Әсел Батуханқызы - Басқарма мүшесі.

ашық отырыста тәртіптік құқықбұзушылық туралы іс бойынша төмендегі шағымды қарап,

ӨТІНІШ БЕРУШІ:
Батырбек Ақбаян

ПАЛАТА МҮШЕСІ:
Отебаева Айжан Айткажиевна

ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Палата мүшесін тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесін қарау.

ІСТІҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫ:

2026 жылғы 26 наурызда сағат 16:42-де Палатаның ресми электрондық поштасына (info@legalgroup.kz) азаматша Батырбек Ақбаяннан Реестрде №096 болып тіркелген Палата мүшесі Отебаева А.А.-ға қатысты шағым келіп түсті.

Аталған шағым белгіленген тәртіппен тіркелді. Тәртіптік құқықбұзушылық туралы істі қарау мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап отыз күнді құрайды.

Тәртіптік іс қозғауға клиенттің шағымы, өзге тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шығарылған ұсынулар, нұсқамалар, ұйғарымдар немесе Палата мүшесінің міндеттерін тиісінше орындамауы туралы Басқарма шешімі негіз болып табылады.

Палата мүшелерінің заңнама талаптарын, Кәсіби әдеп кодексін, Жарғыны, сондай-ақ Палата қағидалары мен стандарттарын бұзуы туралы өтініштерді тіркеу және қарау міндетті.

Палата мүшелерінің саны 1000 (бір мың) адамға жеткенге дейін Тәртіптік комиссияның функцияларын Палатаның Басқармасы жүзеге асырады.

2026 жылғы 26 наурызда Палата төрағасы Комиссия мүшелерін және Палата мүшесі Отебаева А.А.-ны тиісті түрде хабардар етті. Шағымның және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері электрондық мекенжайларға жолданды.

Тәртіптік комиссия туралы ереженің 22-тармағына сәйкес, өзіне қатысты шағым келіп түскен Палата мүшесі жазбаша түсініктеме беруге және қажет болған жағдайда растайтын материалдарды ұсынуға міндетті.

Палата мүшесі Комиссия отырысы басталғанға дейін жазбаша түсініктеме ұсынды. Отырыс 2026 жылғы 17 сәуір сағат 11:00-ге тағайындалды. Бұл туралы Комиссия мүшелері, өтініш беруші және Палата мүшесі алдын ала хабардар етілді.

Белгіленген уақытта өтініш беруші отырысқа WhatsApp мессенджері арқылы бейнеконференция режимінде қатысты. Палата мүшесі жұмысқа байланысты отырысқа қатыса алмайтынын хабарлады.

Жазбаша түсініктемесіне сәйкес, Палата мүшесі өз міндеттерін тиісінше орындағанын көрсетіп, шағымда келтірілген уәждермен келіспейтінін білдірді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Палата мүшесінің түсініктемесіне сәйкес келесі жұмыстар орындалған:

- жалдау шартына құқықтық талдау жүргізілген;
- шарт тарапын ауыстыру немесе қайта жасасу туралы жалға берушінің атына хат дайындалған;
- жалға алушының келісімін куәландыру үшін нотариусқа бару ұйымдастырылған;
- нотариус үшін келісім-хаттың мәтіні әзірленген.

Өтініш беруші көрсетілген қызметтер үшін 100 000 теңге көлемінде ақы төлеген.

Алайда өтініш беруші аталған жұмыстардың орындалуымен келіспейтінін мәлімдеді.

Сонымен қатар, Палата мүшесі клиентпен заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарт жасаспаған.

"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Заңның (бұдан әрі - "Заң") 76-бабының 4-тармағына сәйкес заң консультанты:

- 1) Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауға міндетті;
- 2) өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы белгілеген кәсіптік әдеп кодексінің қағидаларын сақтауға, сондай-ақ белгіленген жарналарды төлеуге міндетті;
- 3) кәсіби қызметте заң көмегін көрсету қағидаттарын басшылыққа алуға міндетті;
- 5) клиентке бұған кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан заң көмегін көрсетуге қатысудың мүмкін естігі туралы хабарлауға міндетті.

Палата Ережесінің 36-тармағына сәйкес:

«Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасының жарғысын, қағидалары мен стандарттарын, Кәсіби әдеп кодексін бұзғаны үшін келесі тәртіптік жазалар қолданылады:

ескерту;

сөгіс;

қатаң сөгіс;

Палата мүшелігінен шығару туралы ұсыным енгізу».

«Eurasia Legal Group» заң консультанттары палатасының мүшесі - заң консультантының Кәсіби әдеп кодексінің 11-тармағына сәйкес, ар-намыс пен қадір-қасиетті сақтау мақсатында заң консультанты кәсіптің беделіне және өзінің жеке қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуге, қоғамда заң консультантының рөлі мен беделін арттыруға ықпал етуге тиіс.

Кодекстің 19-тармағына сәйкес, заң консультанты клиенттермен адал әрі сенімді қатынастарды сақтауы тиіс.

Заңның 76-бабының 2-тармағына сәйкес заң кеңесшісі өз атынан өзіне жүгінген адаммен заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарт жасасады.

Комиссия Палатаның ақшалай қаражатты өндіріп алу жөнінде өкілеттігі жоқ екенін, ал берешекті қайтару мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тек сот

тәртібімен шешілетінін атап өтеді.

Осы ретте, Өтініш берушіге егер заң консультантының әрекеттері оған мүлдіктік немесе өзге де зиян келтірді деп есептесе, сотқа жүгіну құқығы түсіндірілді.

Палата мүшесіне қатысты бұған дейін шағымдар түспегенін ескере отырып, бұл мәңжай осы істі қарау барысында назарға алынуы тиіс.

Палата мүшесі мен өтініш беруші арасында заң қызметтерін көрсетуге арналған шарттың болмауына байланысты, Комиссия,

ШЕШТІ:

Палата мүшесі Отебаева Айжан Айткажиевнаға – ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылсын.

Палата Басқармасының мүшелері:

1. Басқарма Төрағасы – Жолдасбеков Б.М.
2. Басқарма мүшесі – Москаленко Р.И.
3. Басқарма мүшесі – Әбдумәлік Ә.Б.

